# Мәдени іс-шаралар

1- қыркүйек Білім күні оқушылардың бойында отансүйгіштік сезім ұялату, Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік кезіндегі жетістіктерімен таныстыру мақсатында «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында сынып жетекшілермен бірлесе отырып, тәрбие сағаттары өткізілді.





Қыркүйек айында дауыс беру арқылы « Өзін-өзі басқару» ұйымының президентін және комитет мүшелерін сайладық.Оқушылардың мектептерді басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар, шешім қабылдауға қабілетті , жауапты және тәртіпті, өз бетінше таңдау жасауға дайын және мектепте белсенді өмірлік ұстанымға ие тұлғаны тәрбиелеу мақсатында 10-11 сынып оқушылары арасында мектеп президентіне 4- оқушы үміткер болып, оқушылар арасынан ең көп дауыс жинап 10 «Ә» сынып оқушысы Ажмахан Айғаным мектеп президенті болып сайланды.





Қазан айында «Ұстаз ұлы тұлға» тақырыбында өзін-өзі басқару президенті мен комитет мүшелері ұйымдасып ұстаздарға концерттік бағдарлама өткіздік. Оқушыларды ұстаздарды, олардың тәрбиесі мен еңбегін дәріптеуге, ұстазды құрметтеуге, сыйлауға тәрбиелеу. Ондағы мақсатымыз білім мен біліктілік ұстаз еңбегінен бастау алатынын оқушы санасына жеткізу. Концерттік бағдарлама барысында ұстаздарға 7-11 сынып оқушылары жылы лебіздерін білдіріп, алғыстарын айтып сыйлықтарын ұсынды. Мектеп директоры М.Мұстафа ұстаздарымызды осы еңбек жолындағы жасаған еңбектерін бағалап, марапаттады.





«Ардагерлерді ардақтайық» және мүмкіндігі шектеулі азаматтар күніне арналған әлеуметтік қолдау шараларының іс-шара жоспарына сай, « Жан жылуын сыйла» акциясы аясында өзін -өзі басқару комитет мүшелерімен мүмкіндігі шектеулі жандардың мекен жайына барып қал қабыс көрсетті. Мақсаты оқушылардың «бақыт», «сыйластық», «махаббат» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.





«Жаңа Қазакстан -Әділетті Қазақстан» идеясын қалыптастыру төңірегінде халықтың бірігуін насихаттау «Екінші Республика» идеясын «Күшті Президент -ықпалды Парламент-есеп беретін Үкімет» формуласы арқылы жүргізу мақсатында 25-қазан Республика күніне орай «Республика күні-бірлік пен ынтымақ мерекесі» тақырыбында іс-шара жоспарына сай «Отаным -бақыт ордасы» тақырыбында тәрбие сағаттары өтілді.





7-9 сынып оқушылары арасында «Күз ханшайымы- 2022» байқауы өткізілді. Оқушылардың тапқырлығын, шеберлігін бақылау, күз айлары туралы білетіндерін ортаға сала отырып, оқушылардың сайысқа деген қызығушылығын, ынтасын арттыру. Сайысқа 10 оқушы қатысып, бас жүлде және I, II, III – орынмен грамотасымен, сый- сияпатымен марапатталды.





Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағұлмат беру. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүюге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу, оқушылардың танымдық

деңгейін дамыту мақсатында 5 «А» сынып жетекшісі М.Мұсабаева «Ахмет Байтұрсынұлының туғанына - 150 жыл» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.





29 - қараша күні «Өнерлі ұстаз-2022» сайыс ұйымдастырылды. Ұстаздардың біліктілігін, өз кәсібінің жан- жақты шебері екендігін сынау арқылы, оларды іскерлікке, мәдениеттілікке, өз кәсібіне үлкен жауапкершілікпен карауға бар күш-жігерін жұмсауға баулу мақсатында өткізілді. Қазылар алқасы мектеп директоры М.Мұстафа, ардагер ұстаз Сәрсенбекова Нарбуви және аудандық «Өнерлі ұстаз» байқауының жеңімпазы Бостанова Ш. Сайыс 3 кезеңнен тұрады. Бағын сынап түрлі мамандықта жүрген 10 ұстазымыз қатысып, бас жүлдені өзінің жан-жақтылығымен көзге түскен ағылшын тілі пәні мұғалімі Оралимбекова Алия ұстазымыз иеленді. І- орын Аширбекова Асия. ІІ-орын Мырзабекова Г, Момбекова А. ІІІ- орын Базарбекова М, Егізбаева А, Аширбекова Алия иеленіп, мектеп директорының мақтау қағазымен марапатталып, сый-сияпаттар берілді.





15 желтоқсан «Жас қыран» ұйымына балаларды қабылдау рәсімі өткізілді. Мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру болып табылады. Мектебіміздегі «Жас қыран» ұйымына 2-4 сынып аралығындағы үздік оқитын 30 оқушы қабылданды. «Жас Қыран» мүшелері міндетімен танысып, ант қабылдады.









13-18 желтоқсан аралығында Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне байланысты мерекелік концерт «Гүлдене бер тәуелсіз Қазақстан» тақырыбында мерекелік іс-шаралар өткізілді. Оқушыларға қазақ халқының ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарды, желтоқсан құрбандарының ерлігін баяндау, ойлауын, байланыстырып сөйлеуін дамыту, ой-өрісін кеңейту, өз елін, жерін сүюге, Отанын қастерлеуге, қорғауға баулу мақсатында 7 «б», «в» сынып жетекшілері С.Асанова, А.Егізбаева және 8 «ә», «б» сынып жетекшілері Г.Мырзабекова, М.Оразбаева ұйымдастыруымен мерекелік концерт өткізілді.





Оқушылардың білімі мен жан-жақты ойлау қабілеті мен ой ұшқырлығын сынау. Көркем еңбек пәні бойынша
білімдерін дамыту, шығармашылыққа баулу, өз ойын еркін жеткізе білу дағдыларын қалыптастыру, жан-жақты дамыған азамат тәрбиелеу мақсатында үйірме жетекшісі М.Айтбанбетованың ұйымдастыруымен 6 сынып оқушылары арасында " Қалдық заттардан тұрмыстық заттар жасау" тақырыбында сайыс өткізілді.










27-30 желтоқсан аралығы «Жасыл шырша жанында» тақырыбында Жаңа- жыл мерекесі өткізілді. Оқушыларға
Жаңа жыл туралы ұғым беріп, жаңа жылды татулықпен, достықпен, бірлікпен өткізуге баулу. Жаңа жылда барл
бойларында бар өнерлерін ортаға салып үйрету. Көңілді өткізу өз қолдарында екенін түсіндіру.







Жас таланттардың шығармашылық жұмысын қолдау, оқушылардың бойындағы өнердің дамуына, өркендеуіне қолдау көрсету. Талантты жастарды сахна төріне шығару, ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді, тарихымызды насихаттау. Музыкалық-өнердің түрлі жанрларында жас дарынды орындаушыларды анықтау және қолдау көрсету мақсатында "Жаңа Қазақстан, Күшіміз бірлікте" атты өнер фестивалі жоспарлы түрде атап өтілді.






Оқушылардың жанұяға, ата-анаға, үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынастарын дамыту. Ризашылық пен алғыс, жақсы тілек, ізеттілік туралы түсінік беру, бір-бірімен үйлесімді карым-катынас жасай білуге үйрету. Елімізде тұрып жатқан әр түрлі ұлттар мен ұлыстардың арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу, салт-дәстүрін, мәдениетін өзіндік үлгі өнегесін оқушылардың бойына сіңіру, бейбітшілікте татулықта өмір сүруге тәрбиелеу мақсатында 8 "Б" сынып жетекшісі М.Оразбаеваның ұйымдастыруымен "Наурыз алғыс айту күні" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.





Жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру. Еліміздің Тәуелсіздігін құрметтеуге бағыттау мақсатында үйірме жетекшісі Ф.Абишеваның ұйымдастыруымен "Менің елім" атты патриоттық әндер байқауы өткізілді. Байқауға 16 үміткер қатысып, нәтижесінде "Бас жүлде ", І-орын , ІІ-орын екеу, ІІІ-орын үшеу және түрлі номинациялармен марапатталды. Байқау соңы концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.





Оқушыларға Ауған соғысының болу себептерін түсіндіру. Отанын құрметтеуге, еркіндікті бағалай білуге, ұлт жанды, елжанды болуға үйрету. Бейбітшілік үшін күрескен ерлердің қаһармандығы мен күрескерлік ерліктерін әрқашан есте сақтауға, үлгі ете білуге тәрбиелеу мақсатында 10-сынып оқушылары Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу өткізілді.





Жас ұрпақ тәрбиесіне зор еңбек сіңіріп жүрген азаматшаларға құрмет көрсету, еңбектерін елеп – ескеру, мадақтау. Қазіргі қоғамдағы әйел – ананың рөлін айқындай түсу бағытында қыз балаларға рухани тәрбие беру, халқымыздың дәстүрлі құндылықтарын ұғындыру, білімге және өнерге ынталандыру мақсатында 7 "В" сынып жетекшісі А.Егізбаеваның ұйымдастыруымен "Ана- өмірдің шуағы" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.






Ардақты да аяулы аруларымыздың, аналарымыздың мерекесі 8 наурызда оқушылар «8-наурыз Халықаралық әйелдер» күні тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтілді. Мақсаты: Анаға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, ананы құрметтеу,сыйлай білуге, оқушылар бойындағы жеке қабілеттері мен таланттарын дамыту, адамгершілікке,ізгілікке,достықты қастерлей білуге тәрбиелеу. Наурыз мейрамы туралы түсінік беру. Қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.




2023 жылы 11 сәуір күні "Ғылым қызметкерлер күні" тақырыбы аясында 5 "а" сынып жетекшісі М.Мұсабаеваның ұйымдастыруымен " Ғарыш саласының батырлары" тақырыбында ашық тәрбие сағатын өтті. Оқушыларға тұңғыш ғарышкерлер күнімен және Қазақстаннан шыққан ғарышкерлермен таныстырды.

Күннен бұйым жасаудың жаңа технологиялық тәсілдерін қолдана отырып шеберлікті ынталандыру мен белсенділікт
рттыру. Құрғақ жүннен жұмыс істей отырып жаңа технологияны меңгерту мақсатында оқушыларға үйірме жетекші
К.Абуова "Құрғақ жүннен картина жасау" тақырыбында тәрбие сағаты өтілді.









БАТЫР



Алғыс айту күніне арналған " Ризашылық-мейірімділік бұлағы" жалпы ұлттық мәдени-білім беру жобасы іске асыру мақсатында педагог-ұйымдастырушы Г.Абибуллаеваның ұйымдастыруымен 9-10 сынып оқушылар арасында Ұлттық пікірсайыс дебаттық турнирі өткізілді.



«Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыру» тақырыбында өтілетін іс-шара жоспарына сәйкес 13.01.2023 жылы «Технология және эстетика» пәндер бірлестігінің жетекшісі: Қалмырзаев Мейіржанның ұйымдастыруымен «Адал және сатылмайтын еңбек бейнесі» тақырыбында суреттер байқауын өткізді. Байқауды өткізудің мақсаты: Өскелең ұрпақтың арасында жалпыға бірдей еңбек, адалдық және сатылмаушылық идеяларын мінез-құлық нормасы болуы қажет деп түсінуін тарату.

Өз жұмыстарында оқушылар өзінің еңбегіне деген шыншылдық қатынас, адалдық, параға төзбеушілік туралы білімдерін бейнелеген. Байқаудың соңында суреттер көрмесі ұйымдастырылды.

Байқауға келіп түскен жұмыстарды әділ қазылар алқасы саралап, қорытындылау нәтижесінде жеңімпаз оқушылар Алғыс хаттармен марапатталды:

• І орын 7ә-сынып Бердіхан Ботакөз

• ІІ орын 5а-сынып Сейітқазы Дарын

• ІІІ орын 5б-сынып Абдибек Айсұлу













«Наурыз- бірліктің, еңбектің,татулықтың, ізгіліктің мерекесі!» іс-шара жоспарына сәйкес, «Наурыз- ұлттық дәстүр
мейрам достық мерекесі» тақырыбында оқушылар арасында киелі жерлерге саяхат ұйымдастырылды.



тұтуға үйретудің маңызы зор. Оқушылардың сабақ барысында зейінді дамыту, есте сақтау қабілетін дамыту, сөздік қорды арттыру, зерек ойлап, жылдам оқуға бағыттау мақсатында үйірме жетекшісі  А Турегельдиеваның ұйымдастыруымен балаларға " Тапқыр болсаң, озып көр! " тақырыбында инклюзивті сыныптың ашылуы болды.

1.Түрлі-түсті қарандаштар арқылы екі қолмен сурет салу

2."Шапалақ соғу" әдісі арқылы оқушыларды шыңдау барысындағы тапсырма

3. Нейрогимнастикалық " папури" жаттығулар

4."Суреттер сөйлейді" әдісімен оқушылармен жұмыс

5."Логиканы дамыту" әдісі арқылы қорытындылау.







Педагогикалық этикада ұстаздың адамгершілік қасиеттері қоғамдық құндылыққа айналады, бұл қасиеттерсіз мұғалімнің басқа да кәсіби қасиеттері мен икемділіктердің құндылықтары жойылады. Зияткерлік және психологиялық қасиеттермен бірге жауапкершілік, абырой, әділеттілік, шынайылылық, ар - ұят, қарапайымдылық сияқты қасиеттер педагогикалық беделдің негізгі құрауыштары болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның негізгі басымдықтарының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру болып табылады.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа

[illegible]
қызметі» болып түсіндіру мақсатында мектеп педагогтарына жиналыс болып өтті.





«2021-2025 жылдарға арналған сейсмикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша жұмыстың тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар кешен» жол картасының талаптарын орындау мақсатында сейсмикалық жаттығулар жүргізілді.

  